

Азаматтық қорғаныс әскери бөлімдерінде жанар-жағармай материалдары қызметінің жұмысын ұйымдастыру жөніндегі қағидаларды бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2025 жылғы 27 қарашадағы № 508 бұйрығы

"Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 23 қазандағы № 701 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі туралы ереженің 16-тармағының 60-19) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған азаматтық қорғаныстың әскери бөлімдерінде жанар-жағармай материалдары қызметінің жұмысын ұйымдастыру жөніндегі қағидалар бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Азаматтық қорғаныс және әскери бөлімдер комитеті Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін;

2) осы бұйрықты қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдау.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министрдің міндетін атқарушы

К. Тұрсынбаев

Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар министрінің
міндетін атқарушының
2025 жылғы 27 қарашадағы
№ 508 бұйрығымен
бекітілген

Азаматтық қорғаныс әскери бөлімдерінде жанар-жағармай материалдары қызметінің жұмысын ұйымдастыру жөніндегі қағидалар

1 -тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Азаматтық қорғаныс әскери бөлімдерінде жанар-жағармай материалдары қызметінің жұмысын ұйымдастыру жөніндегі қағидалар (бұдан әрі – Қағидалар) 2020 жылғы 23 қазандағы № 701 Қазақстан Республикасының Үкімет қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі туралы ереженің 16 пунктінің 60-19) тармақшасына сәйкес әзірленген және Азаматтық қорғаныс әскери бөлімдерінде (бұдан әрі – әскери бөлімдер) жанар-жағармай материалдары қызметінің қызметін ұйымдастыру тәртібін анықтайды.

2. Жанар-жағармай материалдары (бұдан әрі – ЖЖМ) қару-жарақ пен әскери техниканы пайдалану, жөндеу және сақтау үшін негізгі материалдық-техникалық құралдардың бірі болып табылады.

3. ЖЖМ қызметінің техникалық құралдарына мыналар жатады:

- 1) тасымалдау және құю құралдары;
- 2) құю, сақтау және жылыту жабдықтары;
- 3) тазалау және сапаны бақылау құралдары;
- 4) қозғалмалы жөндеу шеберханалары, дала магистральдық қойма құбырлары.

4. Әскери бөлімдерді ЖЖМ және арнайы сұйықтықтармен қамтамасыз ету бөлімдердің жылдық өтінімдері бойынша, бөлінген қаржылық лимиттер шегінде жүзеге асырылады.

5. ЖЖМ қызметінің функциялары:

- 1) ЖЖМ және жабдықпен қамтамасыз етуді жоспарлау, ұйымдастыру және бақылау ;
- 2) қор нормаларын және олардың сақтау тәртібін әзірлеу;
- 3) қорларды жинау, сақтау, есепке алу, жаңарту және тиімді пайдалану;
- 4) сапаны бақылау және жабдықты техникалық қызмет көрсету;
- 5) жеке құрамды даярлау;

6) Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Азаматтық қорғаныс және әскери бөлімдер комитетіне (бұдан әрі – АҚжӘБК) өтінімдерді қалыптастыру және деректерді ұсыну;

- 7) ЖЖМ тиімді жұмсалуды және үнемдеуді ұйымдастыру;
- 8) қауіпсіздік шаралары мен өртке қарсы қорғауды қамтамасыз ету;
- 9) тылдың басқа қызметтерімен өзара іс-қимыл;
- 10) есепке алу және есеп беру жүргізу.

6. ЖЖМ қызметінің жалпы басшылығын АҚжӘБК жүзеге асырады.

7. ЖЖМ қызметін басқару органдары:

- 1) Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің деңгейінде (бұдан әрі – ТЖМ) – АҚжӘБК;
- 2) әскери бөлімдер деңгейінде – ЖЖМ қызметінің бастығы;

Егер лауазым көзделмеген болса – бөлім командирінің бұйрығымен офицер тағайындалады.

8. ЖЖМ қызметінің құрылымына мыналар жатады:

- 1) тасымалдау және құю бөлімдері;
- 2) ЖЖМ қоймалары (базалары);
- 3) жөндеу шеберханалары;
- 4) сапаны бақылау зертханалары;
- 5) толтыру пункттері.

ЖЖМ қызметі өзіне жүктелген міндеттерді бөлімнің тиісті қызметтерімен өзара іс-қимылда орындайды.

ЖЖМ қызметін басқару органдары есеп беру кестесінде көрсетілген ақпаратты АҚжӘБК-не және есеп беру кестесін ұсыну тәртібіне сәйкес береді.

9. ЖЖМ қызметінің бастығы тыл жөніндегі командир орынбасарына бағынады және:

- 1) қызметті қамтамасыз етуге дайындайды;
- 2) бөлімдердің уақытылы жабдықтайды;
- 3) лимиттер мен есеп жүргізу ережелерін сақтау;
- 4) сақтау және сапаны бақылауды ұйымдастыру;
- 5) жеке құрамды даярлау;
- 6) қауіпсіздік және өртке қарсы қорғау;
- 7) есепке алу және есеп беру жүргізу.

10. ЖЖМ және жабдықпен қамтамасыз ету схемасы: АҚжӘБК – әскери бөлім – бөлімше.

Жеке әскери бөлімдер, ЖЖМ аз жұмсайтын, АҚжӘБК қарастыруымен жақын орналасқан ЖЖМ қызметі бар бөлімдердің біріне бөлімше ретінде бекітілуі мүмкін. Мұндай жағдайда ЖЖМ қызметінің жеке құрамы (кіші мамандар) бекітілген бөлімде өз мамандығы бойынша жұмысқа тартылады.

Әскери бөлімді қамтамасыз етуге қосу негізі – Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрінің бұйрығы.

2-тарау. Жанар-жағармай материалдарымен қамтамасыз ету

11. ЖЖМ әскери бөлімдерге командирлер бекіткен және АҚжӘБК-мен келісілген жылдық өтінімдер негізінде беріледі.

12. ЖЖМ шығынының лимиті АҚжӘБК тарапынан қажеттілікті талдау, нақты шығыс және бөлінген қаржыландыру негізінде белгіленеді.

ЖЖМ-ға қажеттілікті есептеу отын шығысы нормалары мен техника саны ескеріле отырып жүргізіледі.

3-тарау. ЖЖМ қажеттілігін анықтау

13. ЖЖМ-ға жылдық қажеттілік әскери бөлімдердің өтінімдері негізінде анықталады және екі және одан да көп дереккөз бойынша орташа нарықтық бағалар ескеріле отырып, АҚжӘБК бекітеді.

14. Өтінімдер АҚжӘБК белгілеген мерзімде, есептілік кестесіне сәйкес ұсынылады.

15. ЖЖМ-ға жылдық есептеулер мен өтінімдер мынадай негізде жасалады:

1) әскери техниканың түрлері, типтері, пайдалану топтары және машиналар маркалары бойынша саны туралы мәліметтер;

2) әскери техниканың жылдық пайдалану нормалары (моторсағаттар);

3) қор жинау жоспарлары;

4) әскери техникада ЖЖМ шығысы нормалары мен қолдану кестелері;

5) қорға тимейтін қордағы әскери техниканы жанармай құюға, жүргізіп сынауға және тексеріп көруге арналған ЖЖМ-ға қажеттіліктің белгіленген нормаларға сәйкес есептеулері;

6) қызмет бастықтарының (бөлімше командирлерінің) өндірістік-техникалық және шаруашылық қажеттілікке арналған ЖЖМ-ға есеп-өтінімдері;

7) әскери техниканың түрлері бойынша ЖЖМ-дың нақты шығысы, бар болуы және моторсағаттардың пайдаланылуы туралы мәліметтер.

ЖЖМ-ға есептеулер мен өтінімдер жасаудың негізі:

1) жоспарланып отырған жылға жауынгерлік даярлық жоспарларына алдын ала есептеулер;

2) әскери техниканы жөндеу жоспарлары.

ЖЖМ-ға жылдық өтінімдер жасау үшін жоспарланып отырған жылдан бұрынғы жылға арналған әскери бөлімдердің өтінімдері пайдаланылады.

16. ЖЖМ-ға жылдық өтінімдер мен қажеттілік есептеулері алдыңғы жылдың 31 желтоқсанындағы техниканың тізімі бойынша бар болу бойынша жасалады.

17. Қажеттілік нақты шығысты талдау және үнемдеу мүмкіндіктері негізінде нақтыланады.

4-тарау. Әскери бөлімдерді ЖЖМ-мен қамтамасыз ету тәртібі

18. Әскери бөлімдерді ЖЖМ-мен қамтамасыз ету АҚжӘБК-нің орталықтандырылған жоспары бойынша не бекітілген өтінімдер мен лимиттер негізінде дербес жүзеге асырылады.

19. АҚжӘБК не әскери бөлім шарттар жасасуды, ЖЖМ белгіленген мерзімде жеткізуді ұйымдастырады, жеткізудің уақтылығы мен жеткізілетін отынның сапасын бақылауды жүзеге асырады.

20. Әскери бөлім командирлері ЖЖМ қамтамасыз ету жоспарларын бекітеді және олардың белгіленген мерзімде орындалуын бақылауды қамтамасыз етеді.

21. ЖЖМ жеткізу бөлімдердің орналасқан жерінің қашықтығына және жағдайларына қарай автомобиль және теміржол көлігімен жүзеге асырылады.

22. ЖЖМ-ды қабылдау, сақтау және босату белгіленген құжаттармен (акт, жүкқұжат, есеп карточкалары) рәсімделеді.

23. ЖЖМ қызметінің бастығы ЖЖМ дұрыс сақтауына, беруіне және сақталуына жауапты.

5-тарау. ЖЖМ-ді сақтау

24. ЖЖМ өрт қауіпсіздігі талаптарына және техникалық регламентке сәйкес резервуарлармен және сыйымдылықтармен жабдықталған қоймаларда және базаларда сақталады.

25. Өртүрлі маркалы отынды бір сыйымдылықта сақтауға және олардың қалдықтарын араластыруға жол берілмейді.

26. Майлардың есебі мен сақталуы отыннан бөлек жүргізіледі, маркасы және түскен күні көрсетіле отырып.

27. ЖЖМ қоймаларында дератизация, дезинсекция және жабдықтың герметикалық тығыздығын тұрақты тексеру жүргізіледі. Жауапты – қойма бастығы.

6 тарау. Әскери техникаға ЖЖМ құюды ұйымдастыру

28. Техниканы құюды ЖЖМ қызметінің бастығы бөлім командирінің тыл жөніндегі орынбасарының басшылығымен ұйымдастырады. Құю қауіпсіздігі мен уақтылығы үшін бөлім командирі жауапты.

29. Техниканы құю қозғалтқыштары өшірілген күйде, өрт сөндіру құралдары болған жағдайда және қауіпсіздік шаралары сақтала отырып жүргізіледі.

30. Құюға қауіпсіздік талаптары бойынша нұсқау алған және білімі тексерілген адамдар ғана жіберіледі.

31. Құюды ұйымдастыруға жауапты ЖЖМ қызметінің бастығы. Орындалуын бақылау – командирдің тыл жөніндегі орынбасарына жүктеледі.

32. Құю кезінде темекі шегуге, ашық от қолдануға, отынды қараусыз қалдыруға тыйым салынады. Барлық операциялар құю есебі журналында тіркеледі.

33. Әскери бөлімдер мен бөлімшелер теміржолмен тасымалданған кезде барлық машиналар эшелонға тиелгенге дейін тасымалдау жағдайлары ескеріле отырып, ЖЖМ-мен толық құйылады. Эшелон құрамына ЖЖМ-мен толтырылған штаттық құю және тасымалдау құралдары енгізіледі.

34. Машиналар мен цистерналардың бактарын ЖЖМ-мен толтыруға (құюға) дайындағаны, ЖЖМ-ді машиналар мен цистерналардың бактарына құйған сәттен бастап оның сақталуы мен сапасы үшін бөлімше командирлері және бөлім командирінің техника және қару-жарақ жөніндегі орынбасары жауап береді.

7-тарау. ЖЖМ-ды қолдану, нормалау және шығындау

35. Отын мен май шығыны нормалары әскери бөлім командирлерінің бұйрықтарымен барлық техника, жабдық және механизм түрлеріне белгіленеді.

36. Шығын нормаларының сақталуын бақылауды бөлім командирлері мен ЖЖМ қызметі бастықтары жүзеге асырады. Тексеру тоқсан сайын өткізіледі, нәтижесі актпен рәсімделеді.

37. Әскери бөлім командирлерінің техника және қару-жарак жөніндегі (техникалық бөлім жөніндегі) орынбасарлары ЖЖМ-дің әскери техникада нормативтік-техникалық құжаттамаға сәйкес сапасы мен дұрыс қолданылуын бақылайды.

Бақылау нәтижелерін ЖЖМ қызметі бастығы талдайды, үнемдеу жөніндегі ұсыныстар тыл жөніндегі орынбасарға жолданады.

38. Маусымдық отын мен май ауыстырған кезде ЖЖМ қызметі бастығы қалдықтарды толық ауыстыруды және сыйымдылықтарды жууды ұйымдастырады. Өткізу тәртібі – нұсқаулық бойынша.

Техниканы маусымдық пайдалануға көшіргенде:

1) жазғы пайдалану кезеңіне – машиналар бактарындағы қысқы маркалы дизель отыны жазғы маркаға ауыстырылмайды;

2) қысқы пайдалану кезеңіне – машиналар бактарындағы жазғы маркалы дизель отыны қысқы маркаға ауыстырылады.

39. Қозғалтқыштарда, трансмиссия агрегаттарында және жүріс бөлігінде маусымдық майлау материалдарын ауыстыру:

1) оқу-жауынгерлік (оқу) және көліктік машиналарда – майлардың пайдалану мерзімін өтеген сайын, бірақ машинаны маусымдық пайдалануға көшіру мерзімінен кешіктірмей;

2) сақтауда тұрған машиналарда – май мен майлау материалдарының жұмыс мерзіміне қарамастан, оларды маусымдық пайдалануға көшірген кезде.

Ұзақ мерзімді сақтаудағы әскери техникада, мүмкіндігінше, консервациялық қоспалары бар маусымдық емес (жұмыс-консервациялық) майлар қолданылады.

Барлық пайдалану топтары машиналарының қозғалтқыштары мен агрегаттарында маусымдық емес майлау материалдарын ауыстыру олардың белгіленген пайдалану мерзімін өтегеннен кейін жүргізіледі.

40. ЖЖМ шығысқа есептен шығарудың негіздері:

1) броньды, автомобильдік, шынжыр табанды және доңғалақты техника бойынша – жол жүру парақтары;

2) арнайы агрегаттар бойынша – агрегаттың жұмыс парағы.

Қалған жағдайларда ЖЖМ әскери бөлім командирі бекіткен актілер бойынша шығысқа есептен шығарылады.

41. Майды есептен шығару:

1) пайдаланылатын әскери техникада – машиналарға берген кезде;

2) консервациядағы машиналарда – нақты шығыс бойынша. Консервациядағы машиналардың майлау жүйесіндегі майлар есепте қалады.

42. Этил спирті мен оның қоспаларының шығысы регламенттік жұмыстарға, жабдықты жөндеуге және басқа мақсаттарға – норма бойынша белгіленген көлемде актілермен есептен шығарылады.

Су-спирттік, спирт-глицериндік және басқа қоспалар дайындауға пайдаланылатын этил спирті қоспаларды кіріске ала отырып, актілермен есептен шығарылады.

Этил спиртін, сондай-ақ уытты техникалық сұйықтықтарды шығысқа есептен шығару актілеріне белгіленген нормаларға сәйкес олардың шығысының есебі қоса беріледі.

43. Төмен қату температуралы салқындатқыш сұйықтықтың шығысы қысқы кезеңде пайдалану шығындарын толтыруға және қозғалтқыштардың салқындату жүйесін жууға жұмсалған сұйықтық саны болып есептеледі. Төмен қату температуралы салқындатқыш сұйықтық белгіленген нормалар шегінде шығысқа есептен шығарылады.

44. Жауынгерлік, саптық топтар және ұзақ мерзімді сақтаудағы әскери техниканы ЖЖМ-мен құюға қорға тимейтін қордағы ЖЖМ-ды пайдалануға рұқсат етіледі.

Бұл машиналарды жоспарлы шығару және бақылау-іске қосудың алдында бактардағы қорға тимейтін қор ЖЖМ ағымдағы қамтамасыз етуге ауыстырылады, ал резервуарлар мен ыдыстарға тең мөлшерде ЖЖМ қорға тимейтін қорға салынады.

45. ЖЖМ мақсатсыз шығындауды болдырмау мақсатында мыналарға жол берілмейді:

1) ЖЖМ-ды тікелей мақсаты бойынша емес немесе берілген әскери техникаға белгіленген маркадан жоғары маркалы ЖЖМ қолдану;

2) рұқсатсыз қазандық қондырғыларда сұйық отын пайдалану;

3) автокөлікті мақсатсыз пайдалану, оның ішінде жүк автомобильдерін жеңіл автомобильдердің орнына қолдану;

4) жеке құрамды, жүктерді және поштаны тасымалдау, сондай-ақ тапсырманы белгіленген мерзімде басқа көлік түрлерін пайдалана отырып орындау мүмкін болғанда басқа мақсаттарға пайдалану;

5) штаттан тыс әскери техниканы пайдалану;

6) ақаулы әскери техниканы, сондай-ақ спидометрі жоқ немесе спидометрі ақаулы автомобильдерді пайдалану;

7) әртүрлі маркалы ЖЖМ, майлар және арнайы сұйықтықтарды араластыру.

8-тарау. ЖЖМ қызметінің техникалық құралдарын пайдалану және жөндеу

46. Техникалық құралдарды дұрыс пайдалану және техникалық қызмет көрсету олардың үнемі дайын әрі сенімді болуының негізі болып табылады.

Үнемі дайындық мынадай жолмен қамтамасыз етіледі:

- 1) пайдалануға жіберілетін персоналдың біліктілігі;
- 2) қызмет көрсету мен жөндеуді кесте бойынша уақтылы өткізу;
- 3) сақтау және тасымалдау шарттарының сақталуы.

47. Техникалық құралдарды пайдалану құқығы олар штат (табель) бойынша қарастырылған әскери бөлімдерге беріледі.

48. Әскери бөлім командирі біртекті техникалық құралдар арасында моторсағат шығынын жылдық норма шегінде, жалпы лимитті асырмай қайта бөлуге құқылы.

49. Пайдалану жылдық, тоқсандық және айлық пайдалану мен жөндеу жоспарлары негізінде ұйымдастырылады. Техникалық құралдарды тек тікелей мақсаты бойынша пайдалануға ғана жол беріледі.

50. Автомобиль шассиіне және тіркемелерге орнатылған жабдыққа техникалық қызмет көрсету базалық шассиге қызмет көрсетумен бір мезгілде жүргізіледі.

51. Жаңа және жөнделген техникалық құралдар зауыт-өндірушінің талаптарына сәйкес жүргізіп сынаудан өткізіледі және толық жүргізіп сынаудан кейін ғана сақтауға қойылады.

52. Үш айдан артық (ерекше климаттық жағдайларда – бір айдан артық) пайдаланылмайтын техникалық құралдар бөлім командирінің бұйрығымен сақтауға қойылады.

53. Техникалық құралдарды дұрыс пайдалану және дайындығы үшін жауапкершілікті бөлім командирлері, олардың тыл және техника жөніндегі орынбасарлары, сондай-ақ ЖЖМ қызметі бастықтары көтереді.

54. Техникалық құралдарды пайдалануға арнайы даярлықтан және қауіпсіздік бойынша нұсқау алған адамдар ғана жіберіледі.

55. Техникалық құралдардың жай-күйі мен ақаусыздығын бақылауды бөлімше командирлері, олардың тыл және техника жөніндегі орынбасарлары, сондай-ақ ЖЖМ қызметі бастықтары белгіленген кестелер мен нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес жүргізеді.

56. Техникалық құралдарды жөндеу аралық мерзімдерді, нақты техникалық жай-күйді және пайдалану есебі деректерін ескере отырып жүргізіледі.

57. Техникалық құралдардың, оның ішінде базалық шассидің ағымдағы және орташа жөндеуі әскери бөлімдердің жөндеу бөлімшелерінің күшімен орындалады. Күрделі жөндеуді мамандандырылған шеберханалар жүзеге асырады.

9-тарау. ЖЖМ қызметінің техникалық құралдарын жөндеуді ұйымдастыру

58. ТЖМ әскери бөлімдерінің техникалық құралдарын жөндеуге қажеттілікті ЖЖМ қызметі олардың дислокация орны бойынша анықтайды және есепке алады. Жөндеу АҚжӘБК белгілеген жөндеу шеберханаларында орындалады.

59. Техникалық жай-күйін анықтау және жөндеу жұмыстарының көлемі әскери бөлім командирі тағайындаған комиссиямен жүргізіледі. Тексеру қорытындысы

бойынша орташа немесе күрделі жөндеуді қажет ететін техникаға техникалық жай-күй актісі жасалады.

Автомобиль шассиіне және тіркемелерге орнатылған техникалық құралдар бойынша актілер бөлек – шассиге және арнайы жабдыққа жасалады.

Акт, формуляр және ілеспе құжаттар жөндеуге тапсырыс ресімдеу үшін ЖЖМ қызметіне жолданады.

Мерзімінен бұрын істен шыққан жағдайда ақаудың себебі және қабылданған шаралар туралы анықтама қоса беріледі.

60. ЖЖМ құю және тасымалдау автомобиль құралдарының күрделі жөндеуі АҚжӘБК-нің өкімі бойынша орындалады.

10-тарау. ЖЖМ қызметінің іс жүргізуін жүргізу

61. Қызмет бастығы, қойма бастығы және жауапты орындаушы мен істерін қабылдау-тапсыру ішкі тексеру комиссиясының қатысуымен жүргізіледі. Қабылдаушы:

1) материалдық құралдардың нақты қалдықтарын қаржы қызметі мен ЖЖМ қызметінің есеп кітаптары бойынша қоймалар мен бөлімшелердің деректерімен салыстырады;

2) есеп кітаптарындағы жазбалардың дұрыстығын қолтаңбамен растайды;

3) істердің және тігілген құжаттардың бар болуын тізім бойынша тексереді;

4) орындалған кіріс-шығыс құжаттарын, мөртабандарды, мөрлерді және есеп бланкілерін тізім бойынша қабылдайды.

62. Істер мен лауазымды тапсырар алдында қызмет бастығы, қойма бастығы немесе жауапты орындаушы:

1) есепке алынбаған барлық операцияларды есеп кітаптарына енгізеді;

2) орындалған құжаттарды істерге тігеді;

3) барлық есеп кітаптарының, істердің және орындалмаған құжаттардың тізімін жасайды.

63. Істер мен лауазымды қабылдау-тапсыру актісіне мыналар қоса беріледі:

1) қабылданған істер мен кітаптардың тізімі;

2) орындалмаған кіріс-шығыс құжаттарының тізімі;

3) орындалған құжаттардың тізімі.

11-тарау. Есепке алу және есептілікті ұйымдастыру

64. Әскери бөлімдегі барлық материалдық құралдар міндетті түрде есепке алынуға тиіс. Есепке алу бастапқы құжаттарды ресімдеуден және барлық кіріс-шығыс операцияларын осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес есеп кітаптарына (карточкаларына) уақтылы жазудан тұрады.

65. Материалдық құралдардың бар болуы мен қозғалысының есебі барлық қызметтерде, қоймаларда, шеберханаларда және бөлімшелерде сандық және сапалық көрсеткіштер (категориясы, жарамдылық дәрежесі) бойынша жүргізіледі. Есеп үздіксіз, құжаттық және дәйекті түрде жүргізіледі.

66. Есеп деректері әр күнгі материалдық құралдардың нақты бар болуын, жай-күйін және орналасқан жерін көрсетеді, бөлімшелердің қамтамасыз етілу дәрежесін анықтауға және белгіленген нысандағы есептілікті қалыптастыруға мүмкіндік береді.

67. Әскери бөлімде және бөлімшелерде есеп құжаттары қолданыстағы ережелерде, нұсқаулықтарда және басшылықтарда белгіленген нысандар мен тәртіппен ресімделеді және жүргізіледі. Белгіленбеген нысандағы құжаттарды қолдануға жол берілмейді.

68. Есеп кітаптары нөмірленіп, бауланып, мөрмен бекітіліп, тиісті қызмет бастығының қолы қойылады. Есеп карточкалары қызмет бастығының қолымен және мөрмен расталады. Барлық есеп құжаттарында әскери бөлімнің атауы көрсетіледі.

Есеп кітабының мазмұнында барлық материалдық құралдардың атауы және бет нөмірлері жазылады. Әр затқа белгіленген номенклатура тәртібімен жеке бет (немесе бірнеше бет) бөлінеді.

Бастапқы жазбалар алдыңғы кітаптардың, карточкалардың және түгендеу тізімдердің деректері бойынша жасалады. Кейінгі жазбалар ресімделген құжаттар негізінде жүргізіледі.

69. Есеп кітаптары мен карточкаларындағы барлық жазбалар анық, түзетусіз және сызусыз жасалады. Қате жазба бір сызықпен сызылады (сызылғаны оқылатындай етіп), үстіне дұрыс жазба жасалып, есеп жүргізушінің қолы қойылады.

70. Жыл соңында, инвентаризация кезінде немесе материалдық жауапты адамдар лауазымды қабылдаған-тапсырған кезде материалдық құралдардың қалдықтары шығарылады.

Қалдықтар туралы жазбалар қызметте – бастық пен аға хатшының, бөлімшелерде – есеп жүргізушінің қолымен расталады.

Есеп кітаптары мен карточкалары күнтізбелік жылдың соңына дейін жүргізіледі.

71. Материалдық құралдарды қабылдау және босату құжаттарына қызмет бастығы және есеп жүргізуші қол қояды, бастық болмаған жағдайда – тыл жөніндегі орынбасары.

Материалдық құралдарды басқа әскери бөлімдерге немесе ұйымдарға босату жазбаша өкім негізінде жүргізіледі:

ТЖМ әскери бөлімдері арасында – АҚжӘБК;

басқа жағдайларда – ҚР ТЖ вице-министрі.

72. Кіріс және шығыс құжаттарында барлық материалдық құралдар тізімделгеннен кейін жалпы саны сөзбен жазылып, бос жол зигзаг сызықпен сызылады.

73. Есеп құжаттары қол қойылғаннан кейін ЖЖМ қызметінің есеп құжаттарын тіркеу журналында тіркеледі. Негізгі құжатта және әр қосымшада бірдей тіркеу нөмірі қойылады.

Тіркелмеген құжаттар бойынша материалдық құралдарды беру немесе қабылдауға жол берілмейді.

74. Кіріс немесе шығыс құжаты құжатта көрсетілген көлемнен аспайтындай етіп толық немесе жартылай босатылған (қабылданған) болса орындалған деп есептеледі. Алынбаған немесе тапсырылмаған бөлік жеке құжатпен ресімделеді.

Материалдық құралдарды беру (қабылдау) алушының (тапсырушының) және берген (қабылдаған) адамның қолымен расталады. Қолсыз құжат жарамсыз деп есептеледі.

75. ЖЖМ бойынша есеп деректерін салыстыру әр ай сайын, басқа материалдық құралдар бойынша – кемінде үш айда бір рет жүргізіледі.

Салыстыру нәтижелері есеп кітаптары мен карточкаларының соңына жазылып, оны жүргізген адамдардың қолымен расталады.

76. Кіріс және шығыс құжаттарында жазба жасалған есеп кітабының (карточкасының) нөмірі және беті көрсетіледі.

Орындалған құжаттар бекітілген номенклатураға сәйкес істерге тігіледі.

Кітаптар, карточкалар және басқа есеп құжаттары іс жүргізу тәртібіне сәйкес ресімделеді және сақталады.

77. Материалдық, техникалық және басқа қамтамасыз ету түрлері бойынша есептілік есептілік кестесінде белгіленген көлемде және мерзімде ұсынылады.

78. Құжаттың күні оған қол қойылған, бекітілген немесе онда тіркелген оқиғаның күні болып есептеледі:

бұйрық пен хат үшін – қол қойылған күн;

хаттама мен акт үшін – оқиға күні;

жоспар, есеп және бекітуді қажет ететін басқа құжаттар үшін – бекітілген күн.

Құжатта өзгеше көрсетілмесе, өкімдік құжаттың күшіне ену күні – оны адресат алған күн.

Күн араб цифрларымен "кк.аа.жж" форматында көрсетіледі, мысалы 02.01.25.

12-тарау. Мүліктің есебі, берілуі, сақталуы, есептен шығарылуы

79. ЖЖМ есебі ЖЖМ есебі кітабында жүргізіледі, міндетті түрде жол жүру парақтарымен сәйкестендіріле отырып. Рәсімделген жол жүру парағынсыз жанармай құюға жол берілмейді. Бірнеше бөлімшеге құю кезінде әр бөлімшеге бөлек шығыс ведомосі жасалады.

80. Ауысым аяқталғаннан кейін шығыс ведомосі рәсімделеді, жол жүру парақтарымен және отын беру бағанасы деректерімен салыстырылады. Қоймадан есептен шығару – салыстыру негізінде есеп кітабы бойынша жүргізіледі.

81. Майлар мен улы техникалық сұйықтықтар (бұдан әрі – УТС) техникалық қызмет және жөндеу жоспарында тұрған машиналардың нөмірлері көрсетіле отырып, жүкқұжат бойынша беріледі. Шығыстың есебі техникалық қызмет және жөндеу кітабында жүргізіледі. Жұмсалған майлар ЖЖМ қоймасына тапсырылуға жатады.

82. Жанармай құю бекеті (бұдан әрі – ЖҚБ) болмаған жағдайда – карталар/талондар бойынша автожанармай құю станциясында фонд шегінде жанармай құю. Әр марка бойынша литрмен есеп жүргізіледі, беру – ведомость бойынша.

83. Әр ай сайын қоймадағы және бактардағы қалдықтардың инвентаризациясы жүргізіледі. Қойма бойынша – осы Ереженің №2 қосымшасына сәйкес акт, бактар бойынша – қалдықтар мен талондар ведомосі. Есеп кітабымен және жол жүру парақтарымен салыстыру жүргізіледі. Артықшылықтар кіріске алынады. Табығы ысырап нормалары шегіндегі кем шығулар есептен шығарылады, нормадан тыс кем шығулар – тергеп-тексеру жүргізіліп, белгіленген тәртіппен есептен шығарылады. Фактілік кем шығуы болмаған кезде шығындарды норма бойынша есептен шығаруға жол берілмейді.

13-тарау. Іс жүргізу, тіркеу, бекіту

84. Құжаттар істер номенклатурасы бойынша қалыптастырылады, қараламалар мен дубликаттарсыз. Бір іске 250 параққа дейін. Тұрақты және уақытша істер бөлек жүргізіледі. Көлемді қосымшалар – жеке томдар. Орналастыру реті – мәселенің логикасы және хронология бойынша.

85. Барлық кіріс, шығыс және өкімдік құжаттар осы Қағиданың №3 қосымшасына сәйкес кітапта тіркелуге жатады.

86. Бекітуге жататын құжат заңды күшін тек оны бекіткен сәттен бастап иемденеді.

87. Құжаттарды онда қойылған мәселелерді шешу өкілеттілігіне кіретін тиісті органдар немесе лауазымды тұлғалар бекітеді.

88. Төмендегі құжат түрлері бекітуге жатады:

1) ережелер (ұйымдар, мекемелер, олардың құрылымдық бөлімшелері, кеңесші органдар және басқалар туралы);

2) мекемелер мен кәсіпорындардың жарғылары;

3) есептер мен баланстар;

4) құрылым және штаттық кестелер;

5) ағымдағы және перспективалық жоспарлар;

6) тексеру-ревизиялық сипаттағы актілер және басқалар.

89. Құжатты бекіту екі тәсілмен жүзеге асырылады:

1) бекіту грифімен;

2) тиісті өкімдік құжат (қаулы, шешім, бұйрық) шығару арқылы. Бекітудің екі тәсілі бірдей заңды күшке ие.

90. Құжаттың күшіне енуі қосымша іс-әрекеттер мен нұсқауларды талап еткен жағдайда өкімдік құжат шығарылады.

91. Бекіту грифінің элементтері: БЕКІТЕМІН сөзі, құжатты бекітетін тұлғаның лауазымының атауы, жеке қолы, аты-жөнінің бастапқы әріптері мен тегі, бекіту күні.

92. Орындалуы және іске жіберілгені туралы белгі: қысқаша анықтама (растаушы құжат болмаған жағдайда), "іске" деген белгі, іс нөмірі, күні, орындаушының/басшының қолы.

14-тарау. Әскери ЖЖМ қоймасының тағайындалуы, сипаттамасы және жұмыс істеуі бойынша жалпы ережелер

93. Әскери ЖЖМ қоймалары ЖЖМ, майлау материалдарын, арнайы сұйықтықтарды және ЖЖМ қызметінің техникалық құралдарын қабылдау, сақтау және беру үшін арналған.

94. Әскери ЖЖМ қоймалары стационарлық және далалық болып бөлінеді.

Стационарлық қоймаларға ЖЖМ мен техникалық құралдарды қабылдау, сақтау және беру үшін негізгі технологиялық жабдығы тұрақты капиталдық құрылыстар болып табылатын қоймалар жатады.

Далалық қоймаларға ЖЖМ қабылдау, сақтау және беру жабдығы жылжымалы және көшпелі техникалық құралдардан тұратын, белгіленген ауданда қысқа мерзімде жайылуға қабілетті қоймалар жатады.

95. Әскери ЖЖМ қоймалары штаттарға, табельдерге және нормаларға сәйкес жеке құраммен және техникалық құралдармен толықтырылады.

96. Полк, батальон ЖЖМ қоймаларының тағайындалуы:

- 1) ЖЖМ алу, оны бөлімшелерге және жанармай құю пункттеріне беру;
- 2) белгіленген ЖЖМ және техникалық құралдар қорын ұстау.

ЖЖМ қоймалары белгіленген ЖЖМ қорын ұстау және бөлімдерді онымен қамтамасыз ету үшін арналған. Қамтамасыз етілетін бөлімшелер ЖЖМ-ді жанармай құю пункттері арқылы алады.

97. Әскери ЖЖМ қоймаларындағы жұмыс әскери бөлімнің жылдық шаруашылық жоспарына, бөлім ЖЖМ қызметі бастығының жоспарларына және қойма бастығының жоспарларына сәйкес ұйымдастырылады.

Жоспарларда қоймада жүргізілетін төмендегі негізгі жұмыстар көзделеді:

- 1) ЖЖМ және техникалық құралдарды қабылдау, сақтау және беру;
- 2) ЖЖМ және техникалық құралдарды дұрыс сақтауды тексеру;
- 3) ЖЖМ-нің сапалық жағдайын және оны уақтылы жаңартуды тексеру;

4) ЖЖМ және техникалық құралдардың бар болуын және олардың есептік деректерге сәйкестігін тексеру;

5) қойманың есептік және есептілік құжаттамасын жүргізу және оның жай-күйін тексеру;

6) қойманың техникалық құралдары мен құрылыстарын күтіп-ұстау және жөндеу жөніндегі іс-шараларды жүргізу;

7) өлшем құралдары мен өлшеуіш аспаптардың техникалық жай-күйін бақылау, оларды уақтылы тексеру және таңбалауға ұсыну;

8) резервуарлар мен құбыржолдарға калибрлеу кестелерін жасау және тексеру;

9) жұмсалған майларды, арнайы сұйықтықтарды қабылдау және қамтамасыз етуші органның нұсқауы бойынша оларды тапсыру (жөнелту);

10) қоршаған ортаны (су айдындарын, жер учаскелерін, орман алқаптарын, атмосфераны) ЖЖМ-мен ластанудан сақтандыру жөніндегі іс-шараларды жүргізу;

11) қойманың техникалық құралдары мен жабдығын дұрыс пайдалануды тексеру;

12) қойманы көктем-жазғы және күзгі-қысқы жағдайларда жұмыс істеуге дайындау;

13) өртке қарсы қорғау және қауіпсіздік техникасы жөніндегі іс-шараларды орындау; лауазымды тұлғалардың техникалық құралдарда жұмыс істеу бойынша арнайы дайындығын ұйымдастыру және тәжірибелік дағдыларын жетілдіру;

14) лауазымды тұлғалардың техникалық құралдарда жұмыс істеу бойынша арнайы дайындығын ұйымдастыру және тәжірибелік дағдыларын жетілдіру.

1-параграф. Резервуарлар және ыдыстар

98. ЖЖМ сақтауға арналған резервуарлар мұнай өнімдерінің түрлері мен сорттары бойынша топтарға орналастырылады. Әр резервуарлар тобы төгілудің таралуын болдырмайтын обвалование құрылғысымен жабдықталады, жаңбыр және еріген сулардың ағызылуы қамтамасыз етіледі.

99. Резервуарлардың конструктивтік және техникалық параметрлері (түрі, сыйымдылығы, резервуарлар арасындағы қашықтық және ғимараттардан, алаңдардың еңісі, обвалование мен кіреберіс жолдардың өлшемдері) жобалық құжаттамамен және тиісті мемлекеттік стандарттар мен құрылыс нормаларымен айқындалады.

100. Әр резервуарда паспорт, калибрлеу кестесі және сақталатын өнімнің маркасы, сорты мен көлемі, соңғы тазалау және талдау күні көрсетілген тақтайша болады. Резервуар паспорты ЖЖМ қоймасында сақталады.

101. Резервуарлар деңгейді, температураны, дренажды және сынама алуды бақылау құрылғыларымен, сондай-ақ жерге тұйықтау және статикалық электрден қорғау құралдарымен жабдықталады. Жерге тұйықтау құрылғылары жылына кемінде бір рет акт жасала отырып тексеріледі.

102. Резервуарларды қарап-тексеру және техникалық қызмет көрсету бөлім командирі бекіткен кестеге сәйкес жүргізіледі.

Ағымдағы қарап-тексеру – алты айда кемінде бір рет.

Орташа жөндеу – екі жылда кемінде бір рет.

Күрделі жөндеу – қажеттілігіне қарай.

Әр қарап-тексеру кезінде тығыздығы, арматураның, дәнекерленген тігістердің, баспалдақтар мен алаңдардың жай-күйі тексеріледі.

103. Резервуарларды тазалау екі жылда кемінде бір рет, сондай-ақ басқа маркалы жанармайға көшкен кезде жүргізіледі. Жұмыстар дегазациядан кейін механикаландырылған тәсілмен немесе қолмен, ЖЖМ қызметі бастығының басшылығымен, міндетті түрде жеке қорғаныс құралдарын қолдана отырып орындалады. Тазалаудан кейін акт жасалады және резервуар паспортында белгі қойылады.

104. Резервуарлардың ішкі және сыртқы беттері, сондай-ақ металл конструкциялары коррозияға қарсы жабындылармен боялады. Жер асты учаскелері белгіленген нормаларға сәйкес оқшаулаумен қорғалады.

105. ЖЖМ сақтау және тасымалдауға арналған ыдыс бүлінбеген, таза және тығындармен тығыз жабылады, тығындарда тығыздағыштар болады. Толтыру алдында ыдыс судың, кірдің және тоттың қалдықтарынан тазартылады. Ағаш тығындарды және зақымданған ыдыстыпайдалануға жол берілмейді.

106. Бос ыдыс толтырылған ыдыстан бөлек сақталады. Әр бөшке мен канистрде өшпейтін бояумен өнім маркасының, нетто және ыдыс массасының белгілері салынады. Әр үйіндіде өнімнің атауы және бірліктер саны көрсетілген тақтайша ілінеді.

107. Тазаланған және жөнделген ыдыс жауапты тұлғаның қарап-тексеруінен кейін одан әрі пайдалануға жіберіледі.

Уытты немесе тез тұтанатын сұйықтықтардың астындағы ыдыс жуылып, арнайы бөлінген, жабылатын үй-жайларда сақталады.

108. Барлық резервуарлар мен ыдыс толтырылғаннан немесе сынама алынғаннан кейін пломбылануға жатады. Пломбалардың бұзылуы актпен тіркеледі және тергеп-тексеріледі.

109. Резервуарлар мен ыдысқа қызмет көрсетумен байланысты жұмыстар Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2021 жылғы 15 маусымдағы № 286 бұйрығымен бекітілген Мұнай және мұнай өнімдеріне арналған резервуарларды пайдалану және жөндеу кезіндегі өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №23068 болып тіркелді) және Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2022 жылғы 21 ақпандағы № 55 бұйрығымен бекітілген Өрт қауіпсіздігі қағидаларына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №26867 болып тіркелді) сәйкес орындалады.

2-параграф. Құбыржолдар

110. Әскери ЖЖМ қоймаларындағы стационарлық құбыржолдар әдетте, өздігінен босату құрылғылары жаққа тұрақты еңіспен жерге көміле отырып төселеді. Ең аз

еңістер: тұтқырлығы төмен сұйықтықтар үшін – кемінде 0,003, тұтқырлығы жоғары немесе қатып қалатындар үшін – кемінде 0,02.

111. ЖЖМ-ге арналған құбыржолдарды газ құбырларымен, өрт сөндіру су құбырымен, жылу трассаларымен немесе жоғары және төмен кернеулі күштік кабельдермен ортақ траншеяларда төсеуге жол берілмейді.

Коммуникацияларды қорғау қорғаныш футлярлармен (металл, бетон немесе асбестцемент) қамтамасыз етіледі, әсіресе автомобиль немесе теміржолдарды қиған кезде.

112. Құбыржолдарды төсеудің ең аз тереңдігі: жер бетінен құбырдың үстіңгі жағына дейін – кемінде 0,8 м, ал жабық каналда төселген жағдайда – кемінде 0,6 м. Жолдар арқылы өткізгенде қорғаныш құбыры жол жамылғысының шетінен кемінде 2 м шығып тұруға тиіс, ал қорғаныш құбырының ішкі диаметрі төселетін құбырдың диаметрінен 100–200 мм артық болуы керек.

113. Стационарлық ЖЖМ қоймасының технологиялық құбыржолдарына әр құбыржол бойынша деңгейі немесе көлемі бойынша ЖЖМ мөлшерін анықтауға мүмкіндік беретін калибрлеу кестесі жасалады. Кесте бөлім командирімен бекітіледі және құбыржол паспортымен бірге сақталады.

114. Құбыржолдардың фланецті және басқа қосылыстары май-бензинге төзімді резеңке, паронит немесе кептіргіш майға малынған картон прокладкалармен жабдықталады (штаттық прокладкалар болмаған жағдайда құжатпен негізделген ұқсас материалдарды қолдануға жол беріледі). Іске қосар алдында қосылыстардың тығыздығы тексеріледі; пайдалануға тек сәтті тексеруден кейін ғана жіберіледі.

115. Құбыржолдар желісінің профилактикалық қарап-тексеруі жылына кемінде екі рет, оның ішінде көктемгі және қысқы кезеңге дайындық кезінде жүргізіледі. Күнделікті пайдалану кезінде: ысырмалар мен вентильдердің жай-күйі, ағулардың жоқтығы, манометрлердің көрсеткіштері, қорғаныш футлярлардың бүтіндігі тексеріледі.

116. Пайдалану процесінде мыналарға жол берілмейді:

- 1) құбыржолдағы қысымды жоба бойынша көзделгеннен асыру;
- 2) ағып кетуді тиісінше тексерместен құбырлар мен қосылыстарды пайдалану;
- 3) ысырмаларды конструкцияда көзделмеген тұтқалармен ашу және жабу;
- 4) құбыржол жүйесіне судың түсуіне жол беру (қатып қалған су зақымдануға әкелуі мүмкін);
- 5) бекітілген техникалық қызмет көрсету кестелерінен ауытқу.

117. Құбыржолда ағу немесе терлеу анықталған кезде дереу шаралар қабылданады: авариялық муфталар немесе қысқыштар орнату не учаскені толық босатып, дайындағаннан кейін дәнекерлеу жұмыстарын жүргізу. Ақаудан кейін құбыржол қайта қысыммен сынақтан өткізіледі – 10 минут ішінде қысымның төмендеуі 0,02 МПа-дан аспаса, сынақтан өтті деп есептеледі.

118. Үй-жайлар ішіндегі құбыржолдар қорғаныш түске майлы бояумен боялады және сәйкестендіру жолақтарымен белгіленеді. Маркировка мысалдары:

- 1) этилденген автомобиль бензині – қызыл жолағы бар сары;
- 2) этилденбеген бензин – сары;
- 3) дизель отыны – қоңыр;
- 4) мазут – қара;
- 5) майлар – көк.

Жолақтар тармақтарда, іріктеу нүктелерінде, жабу арматурасында және трассада әр 5 метр сайын кемінде бір рет салынады.

119. Құбыржолдарды жерге тұйықтау және қорғаныш нөлдеу міндетті. Кернеу астында қалуы мүмкін прокладкалар, қосылыстар және металл бөліктер сенімді түрде жерге тұйықталады немесе нөлденеді. Күрделі жөндеуден кейін және жылына кемінде бір рет жерге тұйықтағыштардың кедергісі тексеріледі (10 Ом-нан аспауы керек) және хаттама құбыржол паспортында тіркеледі.

120. Құбыржолдар мен қосылыстарды қазу, жөндеу, тазалау немесе қарап-тексеру бойынша барлық жұмыстар рұқсат-наряд бойынша, жауапты тұлғаны тағайындай отырып, жеке қорғаныс құралдарының болуымен жүргізіледі.

3-параграф. Қоймалар және шатырлар

121. ЖЖМ және техникалық құралдарды сақтауға арналған стационарлық қоймалар мен шатырлар мына талаптарға сәйкес жанбайтын материалдардан салынады:

- 1) ҚР ҚН 2.02-01-2023 "Ғимараттар мен құрылыстардың өрт қауіпсіздігі";
- 2) ҚР ҚН 3.05-04-2014 "Мұнай, мұнай өнімдері және сұйытылған газдарға арналған жерасты қоймалары";
- 3) ЕЖ 156.13130.2020 "Мұнай және мұнай өнімдері қоймалары" (ұлттық баламалары болмаған жағдайда жобалау кезінде қолданылады).

122. Қоймаларда ЖЖМ буының жиналуын болдырмау үшін табиғи және (қажет болғанда) мәжбүрлі желдету қамтамасыз етіледі.

Тарту шахталары дефлекторлармен жабдыкталады, ауа ағыны фрамугалар мен терезелер арқылы қамтамасыз етіледі.

Тез тұтанатын сұйықтықтар (ТТС) сақталатын үй-жайларда жарылыстан қорғалған орындауда мәжбүрлі желдету жабдыкталады.

123. Желдету, электрмен жабдықтау және жылыту жүйелерінің барлығы үй-жайдың жарылыс-өрт қауіптілік санатына (В-1г класы, 2 аймақ) сәйкес жарылыс қауіпсіз орындауда орындалады.

Жарық шамдар мен ажыратқыштардың ІР қорғаныс дәрежесі кемінде 54 болуы тиіс.

124. Қоймалардағы электр жабдығы мына талаптарды сақтай отырып орналастырылады:

1) Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 230 бұйрығымен бекітілген Электр қондырғыларын орнату қағидалары (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №10851 болып тіркелді);

2) Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 30 наурыздағы № 246 бұйрығымен бекітілген Тұтынушылардың электр қондырғыларын техникалық пайдалану қағидалары (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №10949 болып тіркелді).

125. Қауіпсіздік пен пайдаланудың ыңғайлылығын қамтамасыз ету үшін қоймалар мыналармен жабдықталады:

1) жүк тиеу-түсірудің механикаландырылған құралдары (тальдар, электрштабелерлер);

2) жанбайтын материалдардан жасалған стеллаждар мен паллеттер;

3) табиғи және жасанды жарықтандыру;

4) өртке қарсы қорғау құралдары (өрт сөндіргіштер, құм салынған жәшіктер, асбест маталар).

188. Әр қоймада рәсімделеді және тұрақты орналасады:

1) стеллаждардың орналасуын, өтетін жолдарды және өрт сөндіру құралдарын көрсете отырып, қойма жоспары;

2) габариттері, сыйымдылығы, конструкция түрі, пайдалануға енгізілген күні, жарылыс-өрт қауіптілігі санаты көрсетілген қойма паспорты;

3) тексерулер нәтижелері мен анықталған ақаулар енгізілетін қарап-тексеру журналы;

